

Алматы қаласының шекарасын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 3469

Алматы қаласы мен Алматы облысының өкілді және атқарушы органдарының ұсынысын ескеріп және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Алматы қаласының шекарасы өзгертіліп оның шегіне Алматы облысының Талғар ауданы Алатау поселкесінің жері осы поселке шекарасы шегінде қосылсын.
2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті